



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ұлттық Банк АІҰ коллекциялық монеталарын
айналысқа шығарады

Астана қ.

2024 жыл, 17 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясының АІҰ коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Күмістен жасалған 1 000 теңгелік, сондай-ақ мельхиор қоспасынан жасалған 500 және 200 теңгелік АІҰ коллекциялық монеталарын **2024 жылғы 19 желтоқсаннан** бастап ҚҰБ-тың интернет-дүкені <https://kazcoins.nationalbank.kz/kz> арқылы сатып алуға болады. Монеталар «Қазпошта» АҚ арқылы жеткізіледі.

Номиналы 5 000 теңге болатын АІҰ коллекциялық монеталары **2024 жылғы 23 желтоқсаннан бастап** ҚҰБ-тың интернет-дүкеніне <https://kazcoins.nationalbank.kz/kz> сатуға шығарылады, монеталарды сатып алушылар өздері алып кетуі керек.

АІҰ коллекциялық монеталары туралы

АІҰ (аю) – «Көшпенділердің ғибадат жануарлары – тотемдері» сериясының жетінші монетасы. Монета дизайнында жануардың табиғи және трафареттік бейнесі сақ стилінде үйлесім тапқан.

АІҰ (аю) – күш-қуат пен табандылықтың, табиғатпен үйлесім табудың символы.

Монеталар

- 925 сынамалы күмістен жасалған; массасы – 777,5 грамм, диаметрі – 100 мм, диаметрі 2 мм гауһар тасы бар, сапасы – proof, номиналы – 5 000 теңге, таралымы – 200 дана;

Күмістен жасалған 5 000 теңгелік монета



- 925 сынамалы күмістен жасалған; массасы – 31,1 грамм, диаметрі – 38,61 мм, диаметрі 1 мм гауһар тасы бар, сапасы – proof, номиналы – 1000 теңге, таралымы – 3 000 дана;

Күмістен жасалған 1 000 теңгелік монета



- мельхиор (МН 25) қоспасынан жасалған; массасы – 15 грамм, диаметрі – 33 мм, сапасы – proof-like, номиналы – 500 теңге, таралымы – 3 000 (үш мың) дана;

Мельхиордан жасалған proof-like сапалы монета



- мельхиор (МН 25) қоспасынан жасалған; массасы – 11,17 грамм, диаметрі – 31 мм, сапасы – brilliant uncirculated, номиналы – 200 теңге, таралымы – 10 000 (он мың) дана.

Мельхиордан жасалған brilliant uncirculated сапалы монета



Коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz